КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 10 ақпан №4712-26-00-2/113 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Б.Байғожаев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Маңғыстау обылысының Полиция департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Bereke Trade» әрекет етуші Габиден Адилович Кусбатыров

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1) Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2) Тұрақсыздық айыппұлды өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюы – қанағаттандырылсын.

2025 жылғы 19 желтоқсандағы № 990640002755/250490/00 шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны үшін жеке кәсіпкер «Bereke Trade» әрекет етуші Габиден Адилович Кусбатыров мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Bereke Trade» әрекет етуші Габиден Адилович Кусбатыровтан мемлекет пайдасына 5 790 (бес мың жеті жүз тоқсан) теңге айыппұл және 2 336 (екі мың үш жүз отыз алты) теңге мемлекеттік баж, барлығы 8 126 (сегіз мың бір жүз жиырма алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья Б.Б.Байғожаев

Құжатқа қол қойылған: Байгожаев Б. Б., 10.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 12.03.2026, судья Байгожаев Б. Б., 16.03.2026

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Судопроизводство - Информационная система «Төрелік»

4712-26-3-1/55